

# **Жыл сайын кем дегенде бір жоба жүзеге асады**

Ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңындағы жарқын оқиғалардың бірі – атқарып жатқан игілікті істері республикаға, бірқатар алыс-жақын шетелдерге жақсы танымал Пушкин атындағы облыстық кітапхананың 115 жылдық мерейтойы болды. Бұл салтанатқа облыс Әкімінің орынбасары Түсіпхан Түсіпбеков қатысып, кітапханашылар ұжымын құттықтап сөз сөйледі, сыйсыяпат жасады.

Іргетасын 1896 жылы жергілікті көпестер қалап, Халық үйінің ішіндегі шағын ғана оқу залынан басталған кітапхана ғасырдан аса ғұмыр кешіпті. Қазір 500 мыңға жуық кітап қоры, 18 мыңнан аса оқырманы бар бұл киелі орда әлемнің әр жерімен ғаламтор арқылы тығыз байланыстағы, заманауи талаптарға сай жабдықталған, еліміздегі озық кітапхананың біріне айналып отыр. Мұнда американдық, неміс және француз орталықтары жұмыс істейді. Шет

тілдерін үйренушілерге де, шетелдіктерге де қызмет көрсетудің барлық жағдайы жасалған. Сондықтан осынау мереке үстінде кітапхана ұжымының атына АҚШ елшілігінен, Бейбітшілік корпусынан, шетелдік ұжымдардан да Алғыс хаттар мен құттықтау жеделхаттарының келіп түсуі тегін емес, өскемендік кітапханашылар еңбегінің лайықты бағалануы деп айтуға әбден болады.

*(Соңы 2-бетте)*